

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет

**Қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы білім алушыларға  
арналған  
Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінде жұмыс жасау бойынша  
нұсқаулық**

**Алматы, 2022 ж.**

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	3
1. Курсқа кіру .....	3
2. Пайдаланушың профилін баптау .....	4
3. Курстарға шолу .....	5
4. Курстың мазмұны .....	7
4.1 Теориялық материалдарды оқу .....	8
4.2 Практикалық тапсырмалармен жұмыс .....	16
4.3 Тестілеу .....	16
5. Тестпен қалай жұмыс істеуге болады? .....	16
6. Жиі қойылатын сұрақтар.....	16


## Кіріспе

Moodle оқу курстары теориялық қолданылатын ақпараттық материалдар жиынтығынан (мәтіндік құжаттар, презентациялар, Web – беттерге сілтемелер, мультимедиялық материалдар), білімді бақылауға арналған материалдардан (әдетте, автоматтандырылған тесттер немесе тапсырмалар), сондай-ақ оқытушымен қарым-қатынас және өзара қарым-қатынас жасауға арналған материалдардан (форумдар, чаттар, хабарламалармен алмасу және т.б.) құралады. Бұдан әрі студенттерге арналған Moodle платформасының ресурстарын пайдалану бойынша толық нұсқаулық берілген.


### 1. Курсқа кіру

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қашықтықтан оқыту сайтына кіру мына сілтеме бойынша жүзеге асырылады: <https://dl.kaznu.kz/>


Сайттың басты беті суретте көрсетілген:




Жүйеге кіру үшін "Жүйеге Univer арқылы кіру" батырмасын басу арқылы авторизация жасау қажет (беттің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан):



Ары қарай ашылған терезеде сіз факультетте өз тьюторлардан алған логин (Пайдаланушының тегі/аты) мен парольді енгізіп, "moodle-ге кіру" батырмасын басу керек.»:



Нәтижесінде студенттің жеке парақшасы ашылады, онда осы семестрде оқылатын курстар тізімі (ортадағы курстар бойынша мәлімет) болады.




Кейбір курстар үшін орындауға қажетті тапсырмалардың болуы туралы ескертулер көрсетілуі мүмкін.


Жүйеге бірінші рет кіргенде, әрі қарай жұмыс істеу үшін қажетті барлық ыңғайлы баптауларды орнатып, алдымен пайдаланушының профиліннен бастау қажет.

## 2. Пайдаланушының профилін баптау

Авторизация жасағаннан кейін студент курстың басты бетіне түседі. Бұл ретте беттің жоғарғы оң жағында орналасқан **пайдаланушының аты** гиперсілтеме ретінде бөлінеді.



Басқан кезде осы сілтеме бойынша **пайдаланушы профилі** ашылады, оның параметрлерін қажет болған жағдайда өзгертуге болады.



The screenshot shows a user profile for 'Хилал Аршад' (Xilal Arshad). The profile includes a message icon, a 'Сообщение' button, and a 'Редактировать информацию' button circled in red. The profile details are as follows:

- Адрес электронной почты:** arshad.khilal1@kaznu.kz (Видно всем)
- Город:**
- speciality:** Специальность: 7M03215 Медиакommunikации
- course:** Номер курса обучения: 1

Below the profile details, there are links for 'Конфиденциальность и политики' and 'Сводка хранения данных'. At the bottom, there is a link for 'Информация о курсах'.


Профилді өзгерту үшін «Ақпаратты өңдеу» сілтемесін басу керек.

Нәтижесінде пайдаланушы толтыру жолдарының жаңа мәндерін (Аты, Тегі, электрондық пошта мекенжайы, жаңа логин және/немесе пароль, тұратын жері және т.б.) толтыра алады, қосымша ақпарат (мүдделер, байланыс деректері – телефон, Skype, ICQ және т. б.) енгізе алады, сондай-ақ жеке фотосуретті жүктей алады (ұсынылады).

Барлық қажетті өрістерді толтырғаннан кейін "Профильді жаңарту" батырмасын бассаңыз, барлық орындалған өзгерістерді сақтайды.


### 3. Курстарға шолу

Курстың мазмұнына көшуді оның атауын қамтитын сілтеме бойынша басу арқылы жүзеге асырады.




The screenshot shows a course selection page titled 'Сводка по курсам'. It features a search bar with 'Все (кроме скрытых)' and 'Найти' options. Below the search bar, there is a grid of course cards. The first card is titled 'История и философия науки' and 'Философии', which is circled in red. Other visible cards include 'Медиапространство: основные направления...', 'Социальная коммуникация и общество', and 'Этика коммуникативных практик'.


Бұл өту сайттың басты бетінде немесе бүйірлік мәзірде орналасқан курс сілтемесін таңдағанда жүзеге асырылуы мүмкін.



Осы бетте тек ағымдағы курстарды немесе өткен/келетін курстарды немесе барлығын бірден көрсету арқылы тұрақты курстарды сұрыптауға болады.



Курсты таңдаған кезде оның басты беті ашылады:




Сол жақта ағымдағы элементтің курс иерархиясындағы орнын көрсететін Курс тақтасы орналасқан. Бұл мәзірдегі элементтер белгілі бір курс элементтеріне жылдам өту үшін басуға болатын сілтемелер болып табылады.

Жоғарыда сайт иерархиясындағы ағымдағы беттің орнын көрсететін навигация тақтасы көрсетіледі. Бұл мәзір элементтері жоғары иерархиялық деңгей беттеріне қайта оралуға болатын сілтемелер болып табылады.



Осы панельдің көмегімен сіз әрқашан курстың қай бөлімінде екенін көре аласыз және сайттың кез келген жоғарғы бөліміне өте аласыз.

Навигация панелінен төмен бет төрт бағанға бөлінеді. Беттің шеткі бағандарында блоктар орналасқан, ал беттің ортаңғы кең бағанда курстың мазмұны орналасқан.




Орындалған тапсырма бойынша оқытушы қойған ұпайларды көру үшін курстың «Бағалар» бөлімін ашу керек.

## 4. Курстың мазмұны

### 4.1 Теориялық материалдарды оқу


Әрбір оқу курсы бөлімдер немесе тақырыптардан (біздің жағдайда курсы құрылды болғандықтан) құрылады. Әрбір бөлім, әдетте, құрамында теориялық материалдан зерделеу үшін қосымша материалдардан, сондай-ақ білімдерін бақылауға арналған материалдардан тұрады. **Курсты ашқаннан кейін сізге келесі материалдар қолжетімді болады:**

- Сіздің курсыңыз үшін оқытушының салған оқу материалдары. Бұл жүктелетін файлдар, аудио-және бейне-презентациялар, сілтемелер веб-беттің немесе жай ғана мәтін; әрбір түрі, оқу материалын сай өзіндік сурет болуы мүмкін;
- Оқытушы жоспарлаған іс-әрекет-тапсырма, оны белгілі бір мезгіл аралығында орындауыңыз керек және әрбір тапсырманың өзінің орындалу жолы бар;
- Курстың «Алда болатын оқиғалары»-мұнда жақын арада оқытушымен жоспарланғандерістер мен іс-әрекеттер көрінуі мүмкін.



Алдымен жеке файл түрінде немесе парақша, гиперсілтеме ретінде ұсынылған теориялық материалды меңгеру керек. Материалды көру үшін оның тақырыбын басыңыз (сілтеме).

Материалды зерттегеннен кейін, әдетте, практикалық тапсырмалар немесе автоматтандырылған сынақтар түрінде ұсынылатын бақылау шараларын орындауға көшу керек.




Материалды көру үшін сілтемені басу керек, кейін ашылған бетте **ашу/сақтау** іс-әрекеттерінің бірін таңдау керек.

Материалды игергеннен кейін зерделелу үшін бақылау іс-шаралары, тапсырмаларды орындау қажет, олар практикалық тапсырма немесе автоматтандырылған тест түрінде ұсынылу мүмкін.

#### 4.2 Практикалық тапсырмалармен жұмыс.

Тапсырмалар оқытушыға білім алушылардан толық жауап беруді талап ететін тапсырма қоюға мүмкіндік береді. Әдетте, қарапайым типті тапсырмалар рефераттар, жобалар, баяндамалар және т. б. болып табылады.

Тапсырманы орындау шарттарын оқытушы таңдайды, олар тікелей тапсырма бетінде де, тапсырма элементіне жүктелген бөлек құжатта да сипатталуы мүмкін. Мысалы, тапсырманы орындау уақытпен шектелуі мүмкін. Оқытушы студенттерге орындау мерзімі аяқталғаннан кейін жауап беруге рұқсат бере алады, бұл ретте оқытушыға кешіктірілген жауаптар туралы ақпарат көрсетіледі. Оқытушы жұмысты бағалай алады және бірнеше студенттер үшін жекебете және ортақ бір бетте пікір қалдыра алады. Тапсырманы көру үшін сәйкесінше тапсырма сілтемесін басу керек:



Нәтижесінде тапсырманың мазмұны мен орындау нұсқаулығы бар терезе ашылады:



Весенний набор Стратегический менеджмент **Итоговый экзамен по дисциплине «Стратегический менеджмент»**

**ЗАДАНИЕ**  
**Итоговый экзамен по дисциплине «Стратегический менеджмент»**

Открыто: Среда, 17 Август 2022, 18:00  
Срок сдачи: Суббота, 27 Август 2022, 21:00

Сдача экзамена по дисциплине «Стратегический менеджмент» представляется особенно актуальной для обучающихся по Образовательной программе «7М041» формате в СДО Moodle с последующей защитой.

[Добавить ответ на задание](#)

**Состояние ответа**

Номер попытки	Номер этой попытки - 1. (Разрешено попыток - 10)
Состояние ответа на задание	Ответы на задание еще не представлены
Состояние оценивания	Не оценено
Оставшееся время	9 дн., 6 час. осталось
Последнее изменение	-
Комментарии к ответу	<a href="#">Комментарии (0)</a>

Нұсқаулықпен танысқан соң, өз компьютерлеріңізде нұсқаулықты/тапсырманы **ашыңыз** немесе **сақтаңызды** таңдаңыз (көрсетілген мысалда «1 практикалық жұмысқа тапсырма» сілтемесі бойынша орналасқан).

Әдетте, практикалық жұмыстардың нәтижелері бойынша жеке файл түрінде есеп құрастыру талап етіледі, ол кейін тексеру үшін жүйеге жүктелуі керек. Әдетте, практикалық жұмысты орындау қорытындысы бойынша жеке файл түрінде есеп жасау талап етіледі, содан кейін тексеру үшін жүйеге жүктелуі тиіс.

Есепті жүктеу үшін "**тапсырмаға жауап қосу**" батырмасына басу қажет және ашылған терезеде жоғарғы оң жақ бұрышта орналасқан "**Қосу**" батырмасын басу қажет:

Помните, что все файлы, которые я загрузил, могут быть отправлены в антиплагиатную систему Strikeplagiarism.com с целью проверки оригинальности текста.

[Добавить ответ на задание](#)


Ответ в виде файла

📁
Файлы

Добавить


Сохранить
Отмена

Одан әрі "**файлды таңдау**" терезесінде "**файлды жүктеу**" таңдап



содан кейін "шолу"батырмасын басыңыз.

Нәтижесінде практикалық жұмыс файлын таңдай алатын диалогтық терезе ашылады.



Оқытушыға жауапты тексеруге жіберу үшін «**Тапсырманы жіберу**» батырмасын басыңыз. «**Жалғастыру**» батырмасын басу арқылы жөнелтуді растаңыз.

Тапсырманы жібергеннен кейін «Жауап жағдайы» кестесінде «Тапсырмаға жауап беру жағдайы» жасыл фон жолында «Бағалауға арналған жауаптар» мәтіні бейнеленеді.

Тапсырманы жіберу кезінде және тексеруге жібергеннен кейін де тапсырмаға түсініктеме қосуға болады. Ол үшін «Жауаптың түсініктемесі» жолында «**Түсініктеме**» мәтініне басу, талдаудың ашылған жолына енгізу және «**Пікірді сақтау**» сілтемесін басу қажет. Мысалы, оқытушыға қате файлды тексеруге жібергенін хабарлау үшін түсініктемені қолдануға болады.

Оқытушымен тексерілгеннен кейін тапсырма есепке алынуы немесе түзеуге жіберілуі мүмкін. Бұл ретте тыңдаушының e-mail-не хабарлама жіберілуі мүмкін (пайдаланушы профилінің баптауларында нақты e-mail көрсетілген жағдайда ғана).


Тапсырманы тексеру нәтижесін көру үшін «**Курс элементтері**» блогындағы «Тапсырмалар» сілтемесін басу арқылы «**Тапсырмалар**» бетіне өту қажет. Курстың барлық тапсырмалары бар кесте бейнеленеді. «Бағалау» бағанында оқытушының бағасы көрсетіледі. Егер бұл өрісте сызылған болса, тапсырма әлі бағаланбайды.

## 4.3 Тестілеу

Курстың әрбір бөлімі автоматтандырылған тестілеу процедурасымен аяқталады. Тест тапсырмаларының көпшілігі автоматты түрде бағаланады. Тапсырма өзгерген жағдайда тест қайта бағалануы мүмкін. Оқытушы тестпен жұмыс істеу бойынша әртүрлі шектеулерді енгізе алады: тестілеудің басталуы мен аяқталуы, әрекеттер арасындағы уақыт бойынша кідірістер, әрекет саны, кіру паролі, тек белгілі бір желілік мекен-жайларға рұқсат беру. Оқытушы тест тапсыру үшін әрекет санын реттей алады, әр түрлі жағдайларға байланысты жеке жауаптарға да, барлық тестілерге да түсініктемелер көрсете алады. Келесі әрекеттерді орындау кезінде жауаптардың алдыңғы нұсқалары ескерілуі мүмкін. Бір әрекет аясында студенттер тестіні бірнеше жолмен орындай алады. Оқытушы студенттердің жауаптары және олардың уақыты туралы толық ақпарат ала алады.

### Тестпен қалай жұмыс істеуге болады?

Тест өту үшін курс бетіндегі оның атауын басыңыз.



Асықпаңыз, бірінші беттегі ақпаратты мұқият оқып алыңыз:


- Тестілеудің басталу және аяқталу уақыты
- Тест өту үшін әрекет саны
- Тест өту уақыты

Егер қандай болса да осы деректер көрсетілмесе, онда бұл параметр шектелмеген. Тестке өту үшін оның аты көрсетілген сілтемені басу қажет:

Оқытушының тесттен өту жөніндегі ұсыныстарын оқығаннан кейін «Тестілеуді бастау» батырмасы басыңыз:


**Тест бойынша Навигация** сұрақ нөмірі бар батырмалар жиынтығын қамтиды, батырманы басу арқылы тест тапсырмасын орындауға өтуге болады. Сондай-ақ, тестілеу уақыт бойынша шектелген жағдайда, навигация панелінде қалған тестілеу уақыты көрсетіледі.

Беттің орталық аймағында тест тапсырмаларының тізімнен тұрады. Бұл ретте әрбір тапсырма үшін дұрыс жауап алуға болатын балл көрсетілген, сондай-ақ сұрақты белгілеуге мүмкіндік бар.




Жоғарыда көрсетілген суретте ұсынылған бірнеше жауаптың бірін таңдауды болжайтын сұрақтар көрсетілген. Дұрыс жауапты таңдау үшін оның жанындағы батырманы


басу қажет.



Барлық сұрақтарға жауап бергеннен кейін барлық жауаптардың статистикасын қамтитын бет ашылады, мына батырманы басу керек





Келесі терезеде осы мекенжайды басу арқылы жіберуді растаңыз



Жібергеннен кейін тест нәтижелері (ұпай, дұрыс жауаптар %, қорытынды баға және кері байланыс) бар терезе ашылады.

<b>Тест нчат</b>	Пятница, 13 Май 2022, 11:30
<b>Состояние</b>	Завершено
<b>Завершен</b>	Пятница, 13 Май 2022, 11:48
<b>Прошло времени</b>	17 мин. 54 сек.
<b>Оценка</b>	92,00 из 100,00

Навигация тақтасында дұрыс жауаптар жасыл түспен, ал қате жауаптар қызыл түспен белгіленгенін ескеріңіз:



Тестілеу нәтижелерін карауды аяқтау және курсты оқуға өту үшін сілтемеге басу қажет [Закончить обзор](#).

## 5. Курс элементтері

**Курс элементтері** - бұл интерактивті модульдер, олардың көмегімен оқытушы өз курстарында оқу процесін ұйымдастырады (курс материалдарын орналастырады, тестілеуді өткізеді, студенттермен қарым-қатынас жасайды). Жүйе кез келген типтегі курстарды жасау үшін пайдаланылуы мүмкін модульдердің алуан түрлілігі бар:

**SCORM/AICC** - бұл курс элементтерінің бірі, ол оқытушыға SCORM немесе AICC форматының кез келген пакетін өз курстарында жариялауға мүмкіндік береді. Бұл пакеттер веб-беттерді, кестелерді, Javascript және т. б. бағдарламаларды қамтуы мүмкін.



Вики

**Wiki** – «Wiki wiki» Гавай тілінде «өте жылдам» дегенді білдіреді. Wiki браузер терезесінде қарапайым белгілеу тілі арқылы пайдаланушыларға құжаттарды бірлесіп жазуға мүмкіндік береді. Курс оқытушылары мен студенттері өз материалдарын қосып, редакциялай алады, wiki-құжаттың құрылу тарихын қадағалай алады.



Анкета

**Анкета**- Бұл элемент қашықтықтан оқыту курстарында оқытуды бағалау және ынталандыру кезінде пайдалы болатын зерттеулер жүргізу үшін енгізілген сауалнамалар (COLLES, ATTLS) болып табылады.



База данных

**Деректер қоры** - кез келген тақырып бойынша жазба Банкі. Жазбалардың пішімі мен құрылымы шексіз; бұл суреттер, файлдар, сандар, мәтін және т.б.

болуы мүмкін. Оқытушы деректер базасымен жұмыс істеу бойынша әртүрлі шектеулерді анықтай алады: уақыт аралықтары, жазбаларды қосу, жазбалардың ең аз және ең көп санына шектеу.



Глоссарий

**Глоссарий** - курста қолданылатын ұғымдар мен терминдердің электронды сөздігі. Глоссарий барлық курс үшін ортақ және әр тақырып үшін жеке болуы мүмкін. Оқытушы сөздікпен бірлесіп жұмыс істеу үшін пайдаланушыларға глоссарийге рұқсат бере алады. Оқушылардың жазбаларын жариялау алдында оқытушы алдын ала қарауы мүмкіндігіне ие. Жазбалар бойынша іздеу жүргізуге болады. Алфавит бойынша, санаттар бойынша, күні бойынша, автор бойынша жазбаларды шолу мүмкіндігі бар.



Задание

**Тапсырма** - тыңдаушыға 3 түрдегі тапсырмалар ұсынылуы мүмкін:

- Жауап - бірнеше файл түрінде

- Жауап-мәтін түрінде
  - Жауап-файл түрінде



Лекция

**Лекция** - оқу материалын қызықты және икемді түрде ұсынады. Ол беттер жиынтығынан тұрады. Әрбір бет, әдетте, студент жауап беруі тиіс сұрақпен аяқталады. Жауаптың дұрыстығына байланысты студент келесі бетке өтеді немесе алдыңғы бетке қайтарылады. Дәріс бойынша Навигация ұсынылатын материалдың құрылымына байланысты тікелей немесе күрделі болуы мүмкін.



Опрос

**Сұрастыру** - оқытушы сұрақ қойып, жауаптың бірнеше нұсқасын анықтайды. Оның қолдануының бірі-студенттер арасында дауыс беру. Бұл аудиторияға қандай да бір мәселе бойынша ойлауды ынталандыру, жылдам сауалнама ретінде пайдалы немесе мәселені зерттеу барысында жалпы пікір табу және дауыс беруге мүмкіндік беру үшін қолданылады.

Сауалнамадан өту уақыт шектермен шектелуі мүмкін. Сауалнаманың нәтижелерін қарау

үшін ашық, жабық немесе сауалнама аяқталғаннан кейін ашық болуы мүмкін. Сондай-ақ сауалнама нысаны, мысалы, қатысушылар санын шектейтін топтар бойынша бөлу үшін пайдаланылуы мүмкін.



Тест

**Тесттер** - сұрақтардың түрлерін пайдалана отырып қалыптасады, негізгі түрлерін қарастырайық:

- Дұрыс/Дұрыс Емес
- Ішкі жауаптар (Cloze)
- Есептелетін
- Қысқаша жауап
- Көпше таңдау
- Сәйкестікке
- Кездейсоқ сұрақ сәйкестікке
- Сандық
- Эссе
- Сипаттамасы

*Дұрыс/дұрыс емес* — сұраққа жауап студент екі нұсқа арасында "дұрыс" және "дұрыс емес" таңдайды.

*Берілген жауаптар (Cloze)* — бұл тікелей жауаптар енгізілетін мәтіннен (Moodle форматында) тұратын өте икемді сұрақтар. Мұндай түрдегі сұраққа қысқа жауаптар, сандық, сондай-ақ көпше таңдау енгізілуі мүмкін.

*Есептеу-формула* бойынша мәнді есептеу ұсынылады. Формула әрбір тестілеу кезінде берілген диапазондардан кездейсоқ мәндерді қоятын үлгі болып табылады.

*Қысқа жауап-сұраққа жауап* сөз немесе қысқа фраза. Әр түрлі бағалармен бірнеше дұрыс жауап беруге болады. Жауаптар тіркелімге сезімтал болуы (немесе болмауы) мүмкін.

*Көптеген таңдау* — студент ұсынылған бірнеше нұсқалардан жауапты таңдайды. Бірнешетаңдау сұрақтарының екі түрі бар-бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар.

*Сәйкестікке* — сұрақтар тізімі жауап тізімімен бірге көрсетіледі. Студент әр мәселені оғансәйкес жауаппен салыстыруы керек.

*Сәйкестікке кездейсоқ сұрақ-сұрақ* "сәйкестікке сұраққа" ұқсас, бірақ белгілі бір санаттан кездейсоқ түрде алынған сұрақтардан "қысқа жауап" құрылады.

*Сандық-қысқа жауап* сияқты көрінеді. Айырмашылығы, сандық жауап жауапта қателікке жол береді. Студент дұрыс жауаптардың үздіксіз ауқымын көрсете алады.

*Эссе-оқытушы эссе түрінде жауап жазуды сұрай алады. Мұндай жауапты оқытушы қолменбағалайды.*

*Сипаттама*-Бұл мәселе емес. Курс бетінде түсініктеме сияқты тестке нұсқаулар, тарау немесе басқа да ақпарат қосу үшін қолданылады.



Форум

**Форум** - әр түрлі құрылымы болуы мүмкін және хабарларды бағалауға мүмкіндік береді. Форум хабарлары төрт түрлі пішімде көрінуі және ішкі файлдарды қамтуы мүмкін. Форумға жазылу арқылы қатысушы өзінің email-ға барлық жаңа хабарламалардың көшірмелерін алады. Оқытушы, егер қажет болса, форумға барлығына қол қоя алады.



Чат

**Чат** - курс қатысушыларына нақты уақытта online талқылауын өткізуге мүмкіндік береді. Бұл студенттердің материалды қалай меңгергені туралы ақпарат алудың ыңғайлы жолы. Модуль талқылауды басқару және қарау үшін бірнеше мүмкіндіктерді қамтиды.

## **6. Жиі қойылатын сұрақтар**

**Moodle жүйесіне кіру үшін логин мен парольді қайдан алуға болады?** Жүйеге кіру үшін Логин мен парольді өз тьюторлардан деканаттан аласыз. 1 курс сырттай оқитын оқушыларына арналған қашықтықтан оқыту сайтына кіру мына сілтеме бойынша жүзеге асырылады: <http://dl.kaznu.kz/>

### **Неге мен кіре алмаймын?**

Себептердің бірі сіз құпия сөзіңізді немесе логинды дұрыс енгізбеуіден болу мүмкін. Мүмкін сіз, логин немесе құпия сөзді жазғанда жоғарғы және/немесе төменгі регистрдің әріптерін пайдаландыңыз.

### **Мен қандай курстарға жазылғанын қалай білуге болады?**

Сіз жазылған курстар тізімі басты бет блогындағы Навигация— менің курстарым орналасқан.

### **Басты бетке қалай оралу керек?**

Беттің жоғарғы оң жақ бұрышында навигациялық панелін немесе курстың ең төменгі жағындағы «үйге» түймесін пайдаланыңыз.

### **Өзім туралы ақпаратты қалай өзгерте аламын?**

Беттің сол жағында «Параметрлер» блогы бар, онда «Менің профилімнің параметрлері» бөлімінде «Ақпаратты өңдеу» түймесін басыңыз. Сіз жеке ақпаратты өңдеу бетіне түсесіз. **Неге мен форумнан e-mail хабарламалар ала алмаймын?**

Форумдағы хат көшірмелерін алу үшін форумға жазылу керек. Экранның жоғарғы жағында

«әрбір қатысушы бұл форумға жазылуға немесе жазылмауға таңдау еркі бар» деген пікір бар екенін ескеріңіз. Басыңыз: «форумға жазылу».

### **Өз бағаларымды қалай көруге болады?**

Бағаларыңызды көру үшін қажетті курсқа кіріңіз, Параметрлер блогында бағалауларды таңдаңыз. Сіз осы курс бойынша есеп аласыз.